Бектау ауылдық округінің Конкрынка селосының көшелерін қайта атау туралы

Ақмола облысы Шортанды ауданы Бектау ауылдық округі әкімінің 2009 жылғы 30 маусымдағы № 18 шешімі. Ақмола облысы Шортанды ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 8 тамызда № 1-18-79 тіркелді

2001 жылғы 23 қантардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 35 бабының 2 тармағына, 1993 жылғы 8 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының әкімшілік – аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес, Шортанды ауданының тілдерді саясаты және ономастика жөніндегі комиссиясының 2009 жылғы 13 сәуірдегі № 2 шешімі және Конкрынка селосының тұрғындардың пікірмен санаса отырып Бектау ауылдық округінің әкімі **ШЕШТІ**:

1. Бектау ауылдық округіның Конкрынка селосының көшелерін қайта аталсын:

1) Новая көшесін – Қаныш Сәтбаев көшесіне;

2) Школьная көшесін - Болашақ көшесіне;

3) Приозерная көшесін – Сарыөзек көшесіне;

4) Целиноградская көшесін – Қабанбай батыр көшесіне.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім Шортанды ауданының әділет басқармасында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және бірінші ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Әкімнің міндетін атқарушы С.Маменов

Келісілді:

Шортанды ауданының «Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы Т.Бартош

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК